

**2019 жылғы 06 желтоқсанна 16 желтоқсан аралығында
кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты
тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу
бойынша декаданы өткізу туралы ақпарат**

2019 жылғы 06 желтоқсаннан 16 желтоқсан аралығында №14 НЖББМ 1-9 сынып оқушылары арасында кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша декада өткізу шарасы аясында кәмелеттік жасқа толмағандардың мазасыздық деңгейін анықтау жөнінде психологиялық диагностика жүргізілді.

Мазасыздық деңгейін анықтау үшін келесідей әдістер пайдаланылды:

- 1-4 сыныптарда «Отбасының кинатикалық суреті», «Үй. Ағаш. Адам», мұғалімдердің сараптамалық бағасы;
- 5-7 сыныптарда «Тұлғалық мазасыздық шкаласы (Д.Тейлор., Т.А.Немчинов)»;
- 8-9 сыныптарда «Тұлғалық мазасыздық шкаласы (Д.Тейлор., Т.А.Немчинов)», «Спилберг-Ханиннің жағдайлық және тұлғалық мазасыздық шкаласы».
- Мектеп оқушыларының психодиагностикасы жүйелі жоспарлы түрде педагог-психологпен жүзеге асырылады. Сонымен 2019-2020 оқу жылына мазасыздық деңгейін анықтау үшін келесідей диагностикалық сынақтар жоспарланған:
 - «Сараптамалық бағалау кестесі (В.Чирков, О.Сококлова)», «Мазасыздық деңгейінің диагностикасы» Филипс) әдістері бойынша 1–сынып оқушыларының білім алуға дайындығы және бейімделу деңгейінің диагностикасы;
 - 5-сынып оқушыларының бейімделу процессіне бақылау жүргізу. «Мазасыздық деңгейінің диагностикасы» Филипстің, мектептің ынталандыру диагностикасы (Н.Г.Лусканова), социометрия, «САН» әдістемесін пайдалана отырып теріс бейімделген оқушыларды анықтау.;
 - келесідей әдістемелерді «Өзін-өзі бағалау шкаласы», «6 квадрат», социометрия пайдалана отырып, 2-4 сыныптарда, 6-9 сыныптарда теріс бейімделген оқушыларды анықтау;
 - 9-сынып оқушыларының кәсіби бағыттандыруына, білімге ынталандыруға және білімге эмоционалдық қарым-қатынас диагностикасы;

- А.Н.Лутошкиннің психологиялық ұжымдық климат деңгейін бағалау Әдістемесі бойынша 1-9 сыныптарда ұжымдық психологиялық климаттың диагностикасы.

Жасөспірім оқушылардың (13-15жастағы) арасында (2019 ж, желтоқсан) диагностика нәтижесі бойынша мектептік мазасыздық анықталды (мектеппен, мұғалімдермен, тіл табысуда, жағдайлармен байланысты), өзін-өзіндік бағалау мазасыздығы (өзі туралы өзекті болжамдар, өзінің сырт келбеті жағдайында).

1-9 сынып оқушыларымен жоспарлық негізде педпгог-психологпен психотүзетушілік іс-шаралар өткізіледі.

- Мазасыздықты төмендетуге, топшілік бірігуге қолжеткізуге, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға көшуі кезінде теріс бейімделуін ескерту мектептік теріс бейімделуінің алдын-алу мақсатымен бейімдеушілік сабақ сабақтар жүргізіледі.
- Оқушыларда мазасыздықты төмендету мақсатында бейімделу кезеңінде, айналасындағылардың қолдауын пайдалануды үйрету, басқаларға көмек көрсету, өзінің күшті және әлсіз жақтарын көру мақсатында білім алушылармен түзетушілік-дамушылық сабақтар өткізіледі;
- Оқушыларда әлеуметтік және коммуникативтік құзыретін жоғарлату, өзара тиімді қарым-қатынас жасаудың мүмкіндігін дамыту үшін, түзетушілік-дамытушылық сабақтар, тренингтер өткізіледі;
- жантанушы проблемалық жағдайдың шешу жолын оқушылармен бірлесе отырып тапқанда, 5-8 сынып оқушылары үшін туындап тұрған проблемаларға психологиялық кеңестер беріледі;
- Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу бойынша оқушылардың ата-аналары үшін психологиялық кеңестер;
- Сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында, құзыретті органдарды шақыру арқылы «Балалар өздерін қорғау үшін, нені білу қажет» тақырыбына сынып сағаты өтті. Оқушылар сынып сағаты аяқталған соң «Қажетті кеңестер» жаднамаларын алды.



- Мектеп инспекторымен профилактикалық сұхбат барысында оқушылар «зорлық», «қатыгездік», сөздерінің мағынасын кеңінен түсінік алды. Ертегілер кейіпкерлері арқылы мысал келтіре отырып, замандастары арасында қатыгездік пен зорлықтың көріністерін, оларға қарсы тұра білу, адамгершілік қасиеттерімен рухани құндылығын тәрбиелеу арқылы басқа адамды кешіре білу және түсіну қабілетін дамытты.



Кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу мәселесі бойынша профилактикалық сұхбат жүргізілді. Балалар «тұрмыстық зорлық-зомбылық» сөзін қалай түсінетіндігі жайлы баяндап берді. Балаларға отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылық белгісімен отбасында кездестіресіз бе деген сұраққа, ауладағы және мектептегі балалар жоқ жауап берді. Сұхбат аяқталуы бойынша «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбына бейнематериал қарады.





«Зорлық-зомбылықсыз және қатыгездіксіз балалық шақ» сынып сағатында оқушылар «қатыгездік» және «зорлық» түсінігін талқылады. Көркем шығармашылық туынды мысалында (Е.Пермяк «Самое страшное»), қатыгездік неге әкеліп соқтыратындығын көрді. Жағдайды талқылау барысында, балалардың іс-әрекетін бағалады, және оларды шешу жолын іздестірді. «Бұны барлығы білуі тиіс» мінез-құлық ережесімен танысты.



«Қатыгездік және зорлық: олардың жолын қалай кесуге болады» атты сынып сағатында бұл мәселені тек теория жағынан ғана қарастыру болған жоқ, сонымен қатар тәжірибелік бағыты да қарастырылды. Балалар «Чучело» көркем фильмнен алынған үзінді мысалды талқылады. «Ми шабуылы»

арқылы осы жағдайдан шығу жолын іздестірді. Қатыгездік және зорлыққа қалайша қарсы тұру бойынша қорытынды жасады. Балалар сынып сағатының тақырыбына суреттер және плакаттар салып, оларды қорғады, қатыгездік пен зорлық туралы өз пікірлерін жеткізді.



«Зорлық және қатыгездіксіз отбасы және балалық шақ» сыныптан тыс іс-шарада «Жанжал деген не» сызбасы, Е.Пермяктың «Самое страшное» әңгімесі, «Достық ережесі», «Бәрі өз ізін қалдырады» астарлы әңгімеге бейнежазба, жақсылықпен зұлымдық туралы мақал-мәтелдер пайдаланылды.



Ата-аналарға міндетті түрде танысу үшін жаднамалар таратылды.

Зорлықтың алдын –алу бойынша стратегиясы

1. Жақсы үлгі беріңіздер

Балаға қол жұмсау, психологиялық қысы көрсету, тіл тигізу жағдайды сирек жақсартады. Сіздің балаңыз сізден үлгі алады, сізден ол күш қалданбай ызамен күресуді үйренеді. Сондықтан шектеу қойыңыз. Шектеу қою, зорлық көрсетпеуге өзара эмоцияны бақылауға алуды үйретеді.

2. Мектептің жиі қонағы болыңыз.

Егерде сіздің балаңызда, оның деперссиясын тудыратын және өзінің бағалауын төмендетуге әкеліп соқтыратындай қиындықтар туған жағдайда, мектепке барып- Араласыңыз! Мектеп қызметкерлері балаға білім беруге және жетістікке жетуге қызмет жасайды.